

**Музыка жетекшісінің 2022- 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3-4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Ақпан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"><li>- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</li><li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li><li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li></ul> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық шығарманы сонына дейін тыңдауга, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай)</p>

дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.

Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көніл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тындауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тындауға үйрету.

Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.

Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.

Ересектердің орындаудағы және аудио-бейнежазбадан музика тындауға үйрету.

Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету.

**Ән айту.**

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**

Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргүре үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау

және аяқтау. Би қымылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музикалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғакты қымылдар орындау. Музикалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қымылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музикалық сүйемелдеумен қазақ би қымылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қымылдарын қайталау.

Балалардың билейтін музикаға сәйкес би қымылдарын өз бетінше орындаудына, таныс би қымылдарын ойындарда қолданудына мүмкіндік беру.

### **Балалар музикалық аспаптарында ойнау.**

Балаларды музикалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Балаларға арналған музикалық аспаптарда және металлофонда (бір пластиинада) ырғакпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.